- Утверждены изменения и дополнения в основные внутренние нормативные документы Фонда, в том числе в План развития и бюджет;
- Утвержден План мероприятий по организации пенсионных выплат из ЕНПФ через “Правительство для граждан”;
- Утвержден План мероприятий, направленный на вовлечение населения в накопительную пенсионную систему, повышение финансово-правовой грамотности самостоятельно занятого населения РК;
- Принято решение оптимизировать филиальную сеть (закрыть 99 центров обслуживания и одно отделение, сократить штатную численность на 260 человек);
- Приняты к сведению отчет по исполнению бюджета, плана закупок и инвестиционного плана, а также одобрен Отчет о деятельности АО “ЕНПФ” за прошлый год для последующего утверждения Советом директоров;
- В связи с изменениями в пенсионном законодательстве РК, были утверждены Договор о пенсионном обеспечении за счет обязательных пенсионных взносов (договор присоединения) и Договор о пенсионном обеспечении за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (договор присоединения) с введением их в действие с 8 января 2019 года.



2.3.3. Ұйымдық құрылым



2.3.3. Организационная структура





- Қызметкерлер құрамын басқару департаменті
Департамент управления персоналом
- Қауіпсіздік департаменті
Департамент безопасности
- Меншікті активтерді бухгалтерлік есепке алу департаменті
Департамент бухгалтерского учета собственных активов
- Жұртшылықпен байланыс департаменті
Департамент по связям с общественностью
- Қашықтан кеңес беру департаменті
Департамент дистанционного консультирования
- Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті
Департамент документационного обеспечения
- Сатып алулар департаменті
Департамент закупок
- Ақпараттық технологиялар департаменті
Департамент информационных технологий
- Заң департаменті
Юридический департамент

- Қызметті қамтамасыз ету департаменті
Департамент обеспечения деятельности
- Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті
Департамент организации выплат и информирования
- Өңірлік желіні дамыту және ілеспе қызмет көрсету департаменті
Департамент сопровождения и развития региональной сети
- Зейнетақы активтерінің есебі және есептілігі департаменті
Департамент учета и отчетности пенсионных активов
- Стратегиялық даму және актуарлық есептеулер департаменті
Департамент стратегического развития и актуарных расчетов
- Сапаны бақылау басқармасы
Управление контроля качества
- Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы
Управление планирования и контроля бюджета
- Тәуекел-менеджмент департаменті
Департамент риск-менеджмента



Филиалдық желі
 филиальная сеть

1 561



БЖЗҚ филиалдарындағы және оған есепті бөлімшелер мен қызмет көрсету орталықтарындағы қызметкерлердің саны

Количество сотрудников в филиалах ЕНПФ включая подотчетные им отделения и центры обслуживания



2.3.4. Тәуекелдерді басқару

"БЖЗҚ" АҚ-ның тәуекелдерді басқару бойынша саясаты белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге, стратегиялық жоспарларды орындауға және тәуекелдің оңтайлы деңгейіне қол жеткізуге септігін тигізетін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құруға бағытталған. "БЖЗҚ" АҚ-ның тәуекелдерді басқару жүйесі қаржылық және операциялық тәуекелдерді кешенді басқаруды, оларды дер кезінде анықтауды, тәуекелдерді барынша азайту және басқару бойынша жедел шаралардың қолданылуын қамсыздандыруды көздейді.

Қаржылық тәуекелдерді басқару

Қаржылық тәуекелдерді басқару нарықтық, пайыздық, елдік және кредиттік тәуекелдерді, сондай-ақ Қордың меншікті активтерін инвестициялауға байланысты өтімділіктен айрылу тәуекелін басқару әдістерін қамтиды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұлғасындағы зейнетақы активтерін сенімді басқарушы зейнетақы активтерінің қоржыны бойынша тәуекелдерді басқару жүйесінің¹ болуын қамтамасыз етеді.

Жалпы, портфельдің инвестициялық сапасын "БЖЗҚ" АҚ қолайлы деп есептейді, мұны кредиттік рейтинг түріндегі маңызды индикатор бойынша жағдай растайды. Зейнетақы активтерінің шамамен 71%-ы (рейтингтік агенттіктердің ұлттық және халықаралық шәкілдері бойынша бағалаулары ескерілген және екі немесе одан артық баға болғанда, есептеу барысында ең жоғары баға ескеріледі)² рейтингтері "AAA"-дан "BBB-"-қа дейін, тәуекел деңгейі ең төмен қаржылық құралдарға орналастырылған, ал 11,6%-ның тәуекел деңгейі орташа (рейтинг "BB+"-дан "B-"-ға дейін). 01.04.2017 ж. бастап рейтингтері "AAA"-дан "BBB-"-қа дейінгі қаржылық құралдар үлесінің 64,35%-дан 71%-ға дейін ұлғаюының оң серпінін байқаймыз. 01.01.2019 ж. жағдай бойынша бағалы қағаздардың рейтингтік бағалары болмауына қарамастан 1 354,7 млрд теңге көлеміндегі қаржылық құралдар эмитенттердің барабар кредиттік рейтингтеріне ие.

¹ 2013 ж. 26 тамыздағы "БЖЗҚ" АҚ Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың 4.1.8-тармағы.

² Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфельінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қағидаларын бекіту туралы ҚРҰБ Басқармасының 2013 ж. 26 шілдеде бекітілген № 199 қаулысына сәйкес.

2.3.4. Управление рисками

Политика АО "ЕНПФ" по управлению рисками нацелена на построение эффективной системы управления рисками, которая способствует достижению установленных целей, выполнению стратегических планов и достижению оптимального приемлемого уровня риска. Система управления рисками АО "ЕНПФ" предусматривает комплексное управление финансовыми и операционными рисками, своевременное их выявление, обеспечение принятия оперативных мер по минимизации и управлению рисками.

Управление финансовыми рисками

Управление финансовыми рисками включает в себя методы управления рыночным, процентным, страновым и кредитным рисками, а также риском потери ликвидности, связанным с инвестированием собственных активов Фонда. Доверительный управляющий пенсионными активами в лице Национального Банка Республики Казахстан обеспечивает наличие системы управления рисками¹ по портфелю пенсионных активов.

Инвестиционное качество портфеля, в целом, АО "ЕНПФ" считает приемлемым, о чем свидетельствует ситуация по такому важному индикатору как кредитный рейтинг. Порядка 71% (с учетом оценок рейтинговых агентств по национальным и международным шкалам где при наличии двух и более оценок, в расчете учитывается наивысшая оценка)² пенсионных активов размещены в финансовые инструменты с минимальным уровнем риска, с рейтингами "AAA" до "BBB-", а 11,6% с умеренно выраженной степенью риска (рейтинг от "BB+" до "B-"). Начиная с 01.04.2017 г. отмечаем положительную динамику увеличения доли финансовых инструментов с рейтингами "AAA" до "BBB-" с 64,35% до 71%. По состоянию на 01.01.2019 г. финансовые инструменты на 1 354,7 млрд тенге обладают адекватными кредитными рейтингами эмитентов, несмотря на отсутствие рейтинговых оценок по ценным бумагам.


¹ Пункт 4.1.8 Договора о государственной закупке услуг по доверительному управлению пенсионными активами АО "ЕНПФ" от 26 августа 2013 г.

² В соответствии ПП НБРК от 26 июля 2013 года № 199 Об утверждении Правил публикации Единым накопительным пенсионным фондом сведений о структуре инвестиционного портфеля Единого накопительного пенсионного фонда за счет пенсионных активов в средствах массовой информации.



01.01.2019 ж. кредиттік рейтингтер (зейнетақы активтерінен %-бен)

Кредитные рейтинги на 01.01.2019 г. (в % от пенсионных активов)



Проблемалық зейнетақы активтері тұрғысынан 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 20 проблемалық эмитент бойынша жалпы берешек сомасы өзінің атаулы құны бойынша 38,8 млрд теңгені құрайды. 2014–2018 жж. аралығында Қор алдында өтелген берешектің жалпы сомасы 17 577 млн теңгені құраған, оның ішінде: 2014–2016 жж. – 1 475,4 млн теңге, 2017 ж. – 1 248,5 млн теңге, 2018 ж. – 14 853 млн теңге. Қор 2018 жыл бойы зейнетақы активтерін қайтару бойынша белсенді жұмысын жалғастырып келді және бұл мәселе теңірегінде өз ниетіне беріктігін растады.

“БЖЗҚ” АҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялау Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорын басқару жөніндегі кеңеспен алдын ала мақұлданып, ҚР Үкіметімен бекітілген, рұқсат етілген қаржылық құралдар тізіміне негізделетін “БЖЗҚ” АҚ-ның Инвестициялық декларациясына сәйкес жүзеге асырылады. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сәйкес, зейнетақы активтері бойынша инвестициялау шектерінің бұзылуы анықталмаған.

2016 жылдан бастап Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелін әртараптандыру бойынша зейнетақы активтерінің валюталық үлесін кезеңдеп ұлғайту және сақтау негізінде белсенді жұмыс атқарып келеді. Осылайша, 01.01.2019 ж. жағдай бойынша Қордың ЗА қоржынында шетелдік валютадағы қаржылық құралдардың үлесі 32,77%-ды құрады, ал 2017 жылдың нәтижелері бойынша бұл көрсеткіш 27,71%-ды құраған. Зейнетақы активтері портфелінің

В части проблемных пенсионных активов на 1 января 2019 года общая сумма задолженности по 20-ти проблемным эмитентам составляет 38,8 млрд тенге по номинальной стоимости. Общая сумма погашенной задолженности перед Фондом за период 2014–2018 гг. составила 17 577 млн тенге, в том числе: в 2014–2016 гг. – 1 475,4 млн тенге, в 2017 г. – 1 248,5 млн тенге, в 2018 г. – 14 853 млн тенге. Фонд на протяжении 2018 года продолжил активную работу по возврату пенсионных активов и подтверждает решительность своих намерений в этом вопросе.

Инвестирование пенсионных активов АО “ЕНПФ” осуществляется в соответствии с Инвестиционной декларацией АО “ЕНПФ”, которая базируется на перечне разрешенных финансовых инструментов, предварительно одобренном Советом по управлению Национальным фондом Республики Казахстан и утвержденным Правительством РК. По состоянию на 1 января 2019 г. нарушения лимитов инвестирования по пенсионным активам не обнаружены.

Начиная с 2016 года Национальный Банк проводит активную работу по диверсификации портфеля пенсионных активов ЕНПФ, в том числе за счет поэтапного увеличения и поддержания валютной доли пенсионных активов. Таким образом, по состоянию на 1.01.2019 года доля финансовых инструментов в иностранной валюте в портфеле ПА Фонда составила 32,77%, в то время как по результатам 2017 года данный показатель составлял 27,71%. В рамках



валюталық бөлігін жаңа стратегиялық бөлу аясында 2018 ж. 12 наурызда "БЖЗҚ" зейнетақы активтерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімді басқаруындағы 220,0 млн АҚШ доллары көлеміндегі бір бөлігі "Дамушы нарықтардың жаһандық облигациялары" мандаты бойынша Aviva Investors Global Services Limited сыртқы басқарушысына табысталды. Басқару тиімділігін арттыру мақсатында жекелеген мандаттар аясында сыртқы басқарушылар санын арттыру жоспарланып отыр. Бұл тәжірибе әлемнің жетекші зейнетақы қорларымен бұрыннан қолданылып келеді.

"БЖЗҚ" АҚ-ның зейнетақы активтері сияқты меншікті активтері де 2017 жылғы 28 наурыздан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімді басқаруында. Бұл ретте Қордың жекеменшік активтеріне қатысты Ұлттық Банктің инвестициялық стратегиясы "БЖЗҚ" АҚ Директорлар Кеңесімен бекітілген "БЖЗҚ" АҚ жекеменшік активтерін инвестициялау саясатымен" белгіленген лимиттер мен шектеулерге негізделеді. Саясатта эмитенттің рейтингтеріне қойылатын талаптар, бір эмитенттің қаржылық құралдарына орналастыру көлемі мен тізімі бойынша шектеулер бекітілген, соның арқасында ең төмен тәуекел деңгейімен инвестициялау қамтамасыз етіледі, бұл нәтижесінде Қордың жекеменшік капиталын сақтауға көмектеседі. Жекеменшік активтерге қатысты қолданыстағы инвестициялық стратегия ең алдымен сақталуды қамсыздандыруға бақытталады және активтерді инвестициялау барысындағы консервативті тәсілді көрсетеді. Атап айтқанда, стратегия көбіне тек "тәуекелсіз" (немесе тәуекел деңгейі ең төмен) қаржылық құралдарға орналастыруды көздейді: Қазақстан Республикасының МБҚ, ҚРҰБ-дағы депозиттер, ХҚҰ (халықаралық қаржы ұйымдары) облигациялары; кредиттік рейтингі "егемендіден" төмен емес агенттік облигациялар (ұлттық холдингтермен шығарылатындарын қоса алғанда).

2018 жылдан бастап "БЖЗҚ" АҚ-ның жекеменшік активтері тұрғысынан енгізілген жаңа ҚЕХС 9 стандартына сәйкес "күтілетін кредиттік залалдар" үлгісі негізінде қаржылық құралдарды құнсыздандыру жүзеге асырылып келеді. Жалпы "БЖЗҚ" АҚ-ның жекеменшік активтері бойынша кредиттік тәуекел "қолайлы" деп бағаланады, себебі, жекеменшік активтер қоржынының 100%-ы эмитенттерінің кредиттік рейтингі "BBB"-тен төмен емес қаржылық құралдарға орналастырылған. Осылайша жекеменшік активтер бойынша провизиялар ең төмен деңгейде, яғни "12 ай бойы күтілетін кредиттік залалдар" шегінде құрылады.

нового стратегического распределения валютной части портфеля пенсионных активов, 12 марта 2018 г. часть пенсионных активов ЕНПФ в размере 220,0 млн долларов США, находящихся в доверительном управлении у Национального Банка Республики Казахстан, была передана внешнему управляющему Aviva Investors Global Services Limited по мандату "Глобальные облигации развивающихся рынков". В целях повышения эффективности управления планируется увеличить количество внешних управляющих в рамках отдельных мандатов, что практикуется ведущими пенсионными фондами мира.

Также, как и пенсионные активы, собственные активы АО "ЕНПФ" с 28 марта 2017 года находятся в доверительном управлении Национального Банка Республики Казахстан. При этом инвестиционная стратегия Нацбанка по отношению к собственным активам Фонда опирается на лимиты и ограничения, установленные "Политикой инвестирования собственных активов АО "ЕНПФ", утвержденной Советом директоров АО "ЕНПФ". В Политике закреплены требования к рейтингам эмитентов, ограничения по перечню и размеру размещения в финансовые инструменты одного эмитента, за счет чего обеспечивается инвестирование с минимальным уровнем риска, что, в конечном счете, помогает сохранить собственный капитал Фонда. Действующая инвестиционная стратегия в отношении собственных активов нацелена, в первую очередь, на обеспечение сохранности и отражает консервативный подход при инвестировании активов. В частности, стратегия предусматривает преимущественно размещение лишь в "безрисковые" (либо с минимальным уровнем риска) финансовые инструменты: ГЦБ Республики Казахстан, депозиты в НБРК, облигации МФО (международных финансовых организаций); агентские облигации (в том числе выпускаемые нацхолдингами) с кредитным рейтингом не ниже "суверенного".

Начиная с 2018 г. в АО "ЕНПФ" в части собственных активов осуществляется обесценение финансовых инструментов на основе модели "ожидаемых кредитных убытков" в соответствии с введенным новым стандартом МСФО 9. В целом, кредитный риск по собственным активам АО "ЕНПФ" оценивается как "приемлемый", поскольку 100% портфеля собственных активов размещены в финансовые инструменты с кредитным рейтингом эмитентов не ниже "BBB-". Таким образом, провизии по собственным активам создаются на минимальном уровне, то есть в пределах "ожидаемых кредитных убытков в течение 12 месяцев".



Тәуекелдерді басқару жүйесі

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың атқарушы органы мен басқарушы органын тәуекелдер туралы және оларды барынша азайту бойынша шешімдер туралы уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ететін үдерістер мен рәсімдер жүйесін қамтиды. Қордың тәуекелдерін басқару үдерісінің негізгі элементі оны ұйымның ерекшеліктерімен, қызметінің негізгі қағидаттарымен, бизнес-үдерістерімен ықпалдастыру, ербір қызметкердің тәуекелдерді басқару үдерісіне қатыстырылуы, Қордың тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі - ТБКЖ) жұмысының бірізділігі мен үздіксіздігі болып табылады. Қазіргі кезде ТБКЖ құрылымы тәуекелдерді басқарудың төрт деңгейінен құрылады: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел-менеджмент департаменті (ТМД), құрылымдық бөлімшелер (тәуекел иелері).

Операциялық тәуекелдер. "БЖЗҚ" АҚ өз қызметінде операциялық тәуекелдерге ұшырап тұрады. Қаржылық емес тәуекелдер маңызды залал қауіпін төндіріп, соның ішінде Қордың бедел-абыройына залал тигізіп, жағымсыз шығындарға әкеледі. "БЖЗҚ" АҚ операциялық тәуекел-менеджменттің әртүрлі құралдарын әзірлеп, оларды өз қызметінде пайдаланады:

- Қордың операциялық тәуекелдері бойынша оқиғаларды жинау және талдау жүзеге асырылады. Тәуекелді оқиғалар Тәуекелді оқиғалар журналына (орталықтандырылған деректер қорына, бұдан әрі - ТОЖ) тіркеледі де, анықталған оқиғаның себебі мен табиғатына байланысты жіктеледі. Олар Қордың бизнес-үдерістерінде, жүйелерінде, бөлімшелері мен филиалдарында неғұрлым жиі кездесетін мәселелер мен осал жерлерді анықтап, операциялық тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шараларды қабылдау үшін қолданылады;
- Операциялық тәуекелдердің өзін-өзі бағалауы іске асырылған және әлеуетті операциялық тәуекелдерді, Қордың құрылымдық бөлімшелеріндегі операциялық тәуекелдерді басқару деңгейін сәйкестендіру және бағалау, анықталған тәуекелдерді кейінгі бақылау (бақылау жүйелеріндегі кемшіліктерді анықтау, бақылау ортасының сапасын бағалау) тиімділігін бағалау мақсатында қолданылады және тікелей құрылымдық бөлімшелерімен өткізіледі. Өзін-өзі бағалау нәтижелері тәуекелдер мен ішкі бақылау матрицасы және Қордың әлеуетті тәуекелдерінің картасы түрінде көрсетіледі, оның негізінде тәуекелдерді барынша азайту бойынша шаралары алдын алу қабылданады;
- Тәуекелдер картасы ТОЖ деректері (тіркелген тәуекелді оқиғалар) мен тәуекелдер және бақылаулар (әлеуетті тәуекелдер) матрицасы

Система управления рисками

Система управления рисками Фонда включает в себя систему процессов и процедур, обеспечивающих исполнительный орган и орган управления Фонда своевременной информацией о рисках и решениях по их минимизации. Основным элементом процесса управления рисками Фонда является его интеграция со спецификой организации, основными принципами деятельности, бизнес-процессами, вовлеченностью каждого работника в процесс управления рисками, последовательность и непрерывность функционирования корпоративной системы управления рисками Фонда (далее – КСУР). На текущий момент структура КСУР представляет собой четыре уровня управления рисками: Совет директоров, Правление, Департамент риск-менеджмента (ДРМ), структурные подразделения (владелец рисков).

Операционные риски. В своей деятельности АО "ЕНПФ" подвержен операционным рискам. Нефинансовые риски несут серьезные угрозы существенных убытков и негативный урон, в том числе, и на репутацию Фонда. АО "ЕНПФ" разработало и применяет в своей деятельности различные инструменты операционного риск-менеджмента:

- Осуществляется сбор и анализ событий по реализации операционных рисков Фонда. Рисковые события регистрируются в Журнале рисков событий (централизованная база данных, далее – ЖРС) и классифицируются в зависимости от причин и природы выявленного события, которые используются для определения наиболее частых проблем и уязвимых зон в бизнес-процессах, системах, подразделениях и филиалах Фонда и принятия мероприятий по минимизации операционных рисков;
- Самооценка операционных рисков используется в целях идентификации и оценки реализованных или потенциальных операционных рисков, уровня управления операционными рисками в структурных подразделениях Фонда и оценки эффективности последующего контроля и за выявленными рисками (выявления недостатков в системах контроля, оценки качества контрольной среды) и проводится непосредственно структурными подразделениями. Результаты самооценки отражаются в виде матрицы рисков и внутреннего контроля и карты потенциальных рисков Фонда, на основании которых принимаются превентивные меры по минимизации рисков;
- Карта рисков формируется на основании данных ЖРС (зарегистрированных рисков событий) и матрицы рисков и контролей



негізінде қалыптасады және ықпал мен ықтималдық көлемдерін, тәуекел түрлері мен деңгейлерін тәуекелдер қозғалысының өзгерістері серпінде бағалау нәтижелері және белгілі бір уақыт аралығында тәуекелдерді барынша азайту бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігі негізінде тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді;

- Қор үшін түрлі бағыттарда тәуекелдердің пайда болуының шынайы қауіпін көрсететін және тәуекелдердің пайда болу ықтималдығы туралы белгі беретін негізгі тәуекел индикаторларының шекті деңгейлерінің көрсеткіштеріне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. Тәуекелдің негізгі индикаторлары әлеуетті тәуекелдерді алдын ала сәйкестендіруге және, оларға жауап қайтаруға мүмкіндік береді;
- Тәуекелдердің іске асырылу себептерін жоюға және тәуекелді оқиғалар мен әлеуетті тәуекелдер іске асырылған жағдайдағы салдарды барынша азайтуға бағытталған Тәуекелдерді барынша азайту іс-шараларының жоспары өзірленіп бекітіледі.

Тәуекелдерді басқару барлық ұйымдық үдерістердің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан төмендегі іс-әрекеттер арқылы бизнес-үдерістерді оңтайландыру бойынша шаралар орындалды:

- Қордың бизнес-үдерістерін және тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын талдау және қайта инжинирингтеу нәтижелері бойынша бірінші және екінші деңгейлі бизнес-үдерістердің үлгілерін (блок-сұлба түрінде) қалыптастыру;
- басқарушылық есептілігінің ағындарын жүйелендіру нәтижелері бойынша қайталануға жол бермей, басқарушылық есептілігін өзектілендіру;
- мүдделердің ықтимал қақтығысын дер кезінде анықтау және бағалау үшін мүдделердің ықтимал қақтығысын басқару бойынша ережелерді қайта қарау.

Тәуекелдерді басқару – бұл статикалық үдеріс емес, бұл Қор қызметінің алуан түріне қатысты өзара байланысқан іс-шаралардың үздіксіз және қайталанатын бірізділігі.


(потенциальных рисков) и позволяет выделить риски по результатам оценки размеров влияния и вероятности, видов и уровней рисков в динамике изменений движения рисков и эффективности принимаемых мер по минимизации рисков за определенный промежуток времени;

- На регулярной основе осуществляется мониторинг показателей пороговых уровней ключевых индикаторов риска, сигнализирующих о вероятности возникновения риска и наглядно отражающих реальную опасность возникновения рисков для Фонда по различным направлениям. Ключевые индикаторы риска позволяют заранее идентифицировать потенциальные риски и реагировать на них;
- Разрабатывается и утверждается План мероприятий по минимизации рисков, направленный как на устранение причин реализации рисков, так и на минимизацию последствий в случае реализации рисков событий и потенциальных рисков.

Управление рисками является неотъемлемой частью всех организационных процессов, в связи с чем, проведены мероприятия по оптимизации бизнес-процессов путем:


- формирования модели бизнес-процессов первого и второго уровней (в виде блок-схем) по результатам анализа и реинжиниринга бизнес-процессов Фонда и матрицы рисков и контролей;
- актуализации управленческой отчетности с исключением дублирования по результатам систематизации потоков управленческой отчетности;
- пересмотра положений по управлению потенциальным конфликтом интересов для своевременного выявления и оценки потенциального конфликта интересов.

Управление рисками – это не статичный процесс, а непрерывная и повторяющаяся последовательность взаимосвязанных мероприятий, затрагивающих различные виды деятельности Фонда.





ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ
НЕГІЗГІ ЦИФРЛАРЫ
КЛЮЧЕВЫЕ ЦИФРЫ
НАКОПИТЕЛЬНОЙ ПЕНСИОННОЙ
СИСТЕМЫ






3.1. Жеке зейнетақы шоттарының құрылымы

01.01.2019 ж. жағдай бойынша жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 10 381 мың бірлікті құраған. Оның 95%-ын міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) есебі бойынша жеке зейнетақы шоттары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) есебі бойынша 480 мың шот және ерікті зейнетақы жарналарының (ЕЗЖ) есебі бойынша 48 мың шот құрайды.

2018 жылы ЖЗШ саны 261,2 мың бірлікке немесе 3%-ға көбейген. Есепті кезеңде Қордың жаңа салымшылары үшін 454,9 мың шот ашылған және төмендегі себептерге байланысты 193,5 мың шот жабылған:



Зейнетақы шарттарын өзектілендіру іс-шараларының нәтижелері бойынша Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер қорында сәйкестендірілмеген ЖЗШ (шартсыз) 110,0 мың бірлікке азайып, 2019 жылғы 1 қаңтарда 216,3 мың бірлікті құрады.

МЗЖ бойынша шарттары мен жинақтары бар 9,4 млн шоттың 5 млн ерлерге, 4,4 млн – әйелдерге; 8,9 млн – салымшыларға, ал 0,5 млн – алушыларға (зейнеткерлік жасына келген тұлғалар, сондай-ақ мүгедектіктің тағайындалуына, ТМЖ-ға шығуға және салымшының қайтыс болуына байланысты төлемге өтініш берілген кезде) тиесілі. Бұл ретте салымшылардың есепті кезеңде

3.1. Структура индивидуальных пенсионных счетов

По состоянию на 01.01.2019 общее количество индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) составило 10 381 тыс. единиц. Из них 95% составили ИПС по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ), 480 тыс. счетов по учету обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и 48 тыс. счетов по учету добровольных пенсионных взносов (ДПВ).

За 2018 год количество ИПС увеличилось на 261,2 тыс. единиц, или на 3%. В отчетном периоде открыто 454,9 тыс. счетов для новых вкладчиков Фонда и закрыто 193,5 тыс. по следующим причинам:


По результатам мероприятий по актуализации пенсионных договоров в базе данных автоматизированной информационной системы Фонда количество не идентифицированных ИПС (без договора) уменьшилось на 110,1 тыс. единиц и составило на 1 января 2019 года – 216,3 тыс. единиц.

Из 9,4 млн счетов по ОПВ с договором и накоплениями 5 млн принадлежат мужчинам, 4,4 млн – женщинам; 8,9 млн принадлежат вкладчикам (зейнеткерлік жасына келген тұлғалар, сондай-ақ мүгедектіктің тағайындалуына, ТМЖ-ға шығуға және салымшының қайтыс болуына байланысты төлемге өтініш берілген кезде) тиесілі. При этом, доля активных



жарна түсіп тұрған белсенді ЖЗШ-ның үлесі 72%-ды құраған (8,9 млн-нан 6,4 млн). Салыстыратын болсақ, 2017 жылы белсенді ЖЗШ-ның үлесі 69%-ды құраған (8,7 млн-нан 5,9 млн).

Шарттары мен зейнетақы жинақтары бар МЗЖ бойынша ЖЗШ құрылымы (иелерінің жынысы, жасы және мәртебесі бойынша)



Салымшылардың МЗЖ есебінен орташа жинақтары ерлер арасында 1 101,2 мың теңге, әйелдер арасында – 842,4 мың теңге, зейнеталды жасындағыларда (ерлер 60–62, әйелдер 56–58) – сәйкесінше 1 357,3 мың теңге және 1237,7 мың теңге көлемінде болған. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомасы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне тікелей байланысты. ЖЗЖ жұмыс істеген бүкіл кезең бойына тұрақты МЗЖ-ын жасап келген салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының орташа сомасы ерлерде 5,1 млн теңге және әйелдерде – 3,9 млн теңге көлемінде. Зейнеткерлік аннуитетті алуға мүмкіндігі бар салымшылардың саны ерлер арасында (жасы 54–63, жинақтары 9,7 млн теңгеден астам) 6,3 мың адамды (немесе 0,1%), әйелдер арасында (жасы 50– 63, жинақтары 13,3 млн теңгеден астам) – 1,2 мың адамды (немесе 0,03%) құрайды.


3.2. Зейнетақы активтері бойынша қаржылық көрсеткіштер

Зейнетақы жинақтары

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы есепті кезеңде 1 596 904 млн теңгеге немесе 21%-ға ұлғайып, 9 377 642 млн теңгені құраған. Алдын ала деректер бойынша, зейнетақы жинақтары сомасының ҚР ЖІӨ сомасына қатынасы 2018 жылы 15,95%-ды құрайды (2017 жылғы 14,65%-ға қарағанда).

ИПС вкладчиков, на которые в отчетном периоде поступали взносы составляет 72% (6,4 млн из 8,9 млн). Для сравнения за 2017 год доля активных составила 69% (5,9 млн из 8,7 млн).

Структура ИПС по ОПВ с договором и пенсионными накоплениями (по полу, возрасту и статусу владельцев)



Средние накопления вкладчиков за счет ОПВ среди мужчин составили 1 101,2 тыс. тенге, среди женщин – 842,4 тыс., в предпенсионном возрасте (мужчины 60–62, женщины 56–58) – 1 357,3 тыс. тенге и 1237,7 тыс. тенге, соответственно. Сумма пенсионных накопленных вкладчиков (получателей) напрямую зависит от стажа участия в накопительной пенсионной системе. Средняя сумма пенсионных накоплений вкладчиков, осуществлявших регулярные ОПВ в течение всего периода функционирования ИПС, составляет у мужчин 5,1 млн тенге и у женщин – 3,9 млн тенге. Количество вкладчиков, имеющих возможность приобретения пенсионного аннуитета, среди мужчин (в возрасте 54–63 с накоплениями свыше 9,7 млн тенге) составляет 6,3 тыс. человек (или 0,1%), среди женщин (в возрасте 50–63 с накоплениями свыше 13,3 млн тенге) – 1,2 тыс. человек (или 0,03%).

3.2. Финансовые показатели по пенсионным активам


Пенсионные накопления

По состоянию на 1 января 2019 года сумма пенсионных накоплений составила 9 377 642 млн тенге, увеличившись за отчетный период на 1 596 904 млн тенге, или на 21%. По предварительным данным, отношение суммы пенсионных накоплений к сумме ВВП РК за 2018 год составляет 15,95% (против 14,65% в 2017).



Есепті кезеңде зейнетақы жинақтар сомасының өсуі төмендегілердің есебінен болды:

Прирост суммы пенсионных накоплений в отчетном периоде сложился за счет:



2018 жылы Қорға жалпы сомасы 847 382 млн теңге құрайтын шарттардың барлық түрлері бойынша 74 млн зейнетақы жарналары аударылды. Оның ішінде 807 613 млн теңге (95,3%) көлеміндегі 70,5 млн жарна МЗЖ есебінен; 39 510 млн теңге (4,7%) көлеміндегі 3,5 млн жарна МКЗЖ есебінен; 259 млн теңге (0,03%) көлеміндегі 33 мың жарна ЕЗЖ есебінен. 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы жарналар саны 10%-ға өскен, ал 2018 жылы келіп түскен жарналардың көлемі 2017 жылғы көлемдерден 12%-ға артық.

За 2018 год в Фонд перечислено 74 млн пенсионных взносов по всем видам договоров на общую сумму 847 382 млн тенге. Из них 70,5 млн взносов на сумму 807 613 млн тенге (95,3%) за счет ОПВ; 3,5 млн взносов на сумму 39 510 млн тенге (4,7%) за счет ОППВ; 33 тыс. взносов на сумму 259 млн тенге (0,03%) за счет ДПВ. По сравнению с 2017 годом количество взносов за 2018 год выросло на 10%, а объем взносов, поступивших за 2018 год, превышает объемы 2017 на 12%.

2018 жылдың қорытындысы бойынша 6,4 млн-нан астам адам кем дегенде бір жарнадан аударған. Бұл ретте 5 млн шотқа 6-дан 12-ге дейін жарна келіп түскен. Әрбір салымшының аударған жарналарының орташа саны 2018 жылы 8-9 жарнаны құрайды.

По итогам 2018 года более 6,4 млн человек осуществили не менее одного взноса. При этом от 6 до 12 взносов поступило на 5 млн счетов. В среднем количество взносов каждого вкладчика составляет 8–9 взносов за 2018 год.

Орташа есеппен алғанда 2018 жылы шарттардың барлық түрлері бойынша ай сайын 70 615 млн теңге көлемінде 6,2 млн жарна салынған. Бұл ретте орташа айлық МЗЖ сомасы 15,8 мың теңгені құрайды. Ал Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, орташа айлық жалақы 148,7-ден 174,6 мың теңгеге дейін болды.

Ежемесячно в 2018 году в среднем по всем видам договоров поступало 6,2 млн взносов на сумму 70 615 млн тенге. При этом сумма среднемесячного ОПВ составила 15,8 тыс. тенге при среднемесячной заработной плате, согласно данным Комитета по статистике, от 148,7 до 174,6 тыс. тенге.

2018 жылы зейнетақы активтеріне есептелген инвестициялық табыс 977 180 млн теңгені құраған (2017 жылғы көрсеткіштен **↑64%**). Бұл ретте таза инвестициялық табыс (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) 917 103 млн теңгені құрайды (2017 жылғы көрсеткіштен **↑67%**).



Инвестиционный доход, начисленный на пенсионные активы за 2018 год, составил 977 180 млн тенге (**↑64%** показателя 2017 года). При этом чистый инвестиционный доход (за вычетом комиссионных вознаграждений) составил 917 103 млн тенге (**↑67%** показателя 2017 года).

Инвестициялық портфель

Есепті кезеңде табыстар құрылымындағы негізгі үлесті өткен жылдағыдай бағалы қағаздар бойынша, соның ішінде “кері РЕПО” операциялары мен орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі табыстар құраған (56%). Инвестициялық табыс құрылымындағы үлесі бойынша екінші орынды бағалы қағаздарды қайта бағалаудан және валютадан түсетін табыстар (42%) алады, ал үшінші орында – сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыстар (1%) және т.б. Қордың зейнетақы активтері бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы (валюта және құралдар тұрғысынан):

Инвестиционный портфель

В структуре доходов за отчетный период основную долю, как и в прошлом году, составили доходы в виде вознаграждения (купона или дисконта) по ценным бумагам, в том числе по размещенным вкладам и операциям “обратное РЕПО” (56%). Второе место по доле в структуре инвестиционного дохода занимают доходы от переоценки ценных бумаг и валюты (42%), на третьем месте – доходы по активам, находящимся во внешнем управлении (1%) и другие. Структура портфеля пенсионных активов по пенсионным активам Фонда (в разрезе валют и инструментов):



43,27 (2017 – 46,14)	ҚР МБҚ	ГЦБ РК
13,86 (2017 – 10,18)	ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	Облигации квазигосударственных организаций РК
13,49 (2017 – 16,03)	ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары	Облигации банков второго уровня
12,71 (2017 – 12,2)	Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	ГЦБ иностранных государств
3,66 (2017 – 3,57)	Шетелдік банктердегі депозиттер	Депозиты в иностранных банках
2,96 (2017 – 4,19)	ҚР екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер	Депозиты БВУ РК
2,48 (2017 – 0,69)	Квазимемлекеттік сектордан шетелдік эмитенттердің облигациялары	Облигации иностранных эмитентов квазигосударственного сектора
2,39 (2017 – 2,37)	ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	Акции и депозитарные расписки эмитентов РК
1,82 (2017 – 2,22)	ХҚҰ облигациялары	Облигации МФО
1,64 (2017 – 0)	ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер	Депозиты НБРК
1,35 (2017 – 0,27)	Ақшалай қаражат	Денежные средства
0,88 (2017 – 0)	Aviva Investors Global Services Limited сыртқы басқаруындағы активтер	Активы, находящиеся во внешнем управлении у Aviva Investors Global Services Limited
0,45 (2017 – 0,75)	ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	Корпоративные облигации эмитентов РК
0,36 (2017 – 0,45)	PPN (құрылымдық ноталар)	PPN (структурные ноты)
0,22 (2017 – 0,3)	Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	Акции и депозитарные расписки иностранных эмитентов
0,16 (2017 – 0,37)	Басқа активтер (дебиторлық қарыз, мерзімі өткен қарыз провизилер)	Прочие активы (дебиторская задолженность, просроченная задолженность, провизии)
0,09 (2017 – 0,12)	Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	Корпоративные облигации иностранных эмитентов
0 (2017 – 0,14)	РЕПО	РЕПО

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық қоржынындағы борышкерлік қаржылық құралдарды өтеуге қатысты орташа безбенделген табыстылық 7% жылдық көрсеткішті, соның ішінде теңгемен берілгендері – жылдық 8,2%-ды, шетелдік валютада – жылдық 4%-ды құраған. Зейнетақы активтерінің есебі жүргізілетін

По состоянию на 1 января 2019 года средневзвешенная доходность к погашению долговых финансовых инструментов, находящихся в инвестиционном портфеле пенсионных активов ЕНПФ, составила 7% годовых, в том числе по номинированным в тенге – 8,2% годовых, в иностранной валюте – 4% годовых. Фактическая доходность пенсионных активов за



шартты зейнетақы бірлігі құнының өсімі негізінде есептелетін есепті кезеңдегі зейнетақы активтерінің нақты табыстылығы 11,27%-ды құраған, бұл көрсетілген кезеңдегі 5,3% көлемінде болған жинақталған инфляция деңгейінен 5,97 пайыздық тармаққа жоғары.

Зейнетақы төлемдері

БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдарды қоса алғанда, зейнетақы жинақтарының төлемдері 2018 жылы 168 638 млн теңгені құраған (2017 жылғы көрсеткіштен ↓20%). Есепті кезеңде зейнетақы төлемдері (жас бойынша) сомаларының азаюы ай сайынғы төлемдерге көшумен және әйелдердің зейнеткерлік жасының кезең-кезеңмен ұлғайтыла бастауымен түсіндіріледі. Мәселен, 2018 жылы төлем туралы қабылданған өтініштердің саны 240,4 мыңды құраған (2017 жылғы көрсеткіштен ↓17,9%):

Тағайындалу түрлері бойынша төлемдер



2018 жылы төлемдердің нақты саны 2017 жылғы көрсеткіштен 82%-ға артық болып, 619,3 мың бірлікті құрады. Бұл ретте алушылар саны – 281,9 мың адам болған, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 12%-ға төмен. 01.01.2018 ж. бастап зейнеткерлікке шыққан алушыларға кесте бойынша төленетін ай сайынғы төлемнің орташа мөлшері 20 177 теңгені, ең төмені – 15,3 мың теңгені, ал ең жоғарысы – 502 375 теңгені құрады.

Сонымен қатар зейнетақы төлемдерінің сомасына зейнеткерлік аннуитет шарттары бойынша сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтарының аударымдары да кіреді, олар 2018 жылы 26 081 млн теңгені құраған. Есепті кезеңдегі алушылар саны 2 157 адамға жетті (2017 жылғы көрсеткіштен ↓7% кем), бұл зейнеткерлік аннуитет шартын жасасу үшін жеткілікті зейнетақы жинақтары сомасының ұлғаюымен түсіндіріледі. Бір алушыға аударылатын орташа сома 12,1 млн теңгені құраған.

отчетный период, рассчитываемая на основе прироста стоимости условной пенсионной единицы, в которой ведется учет пенсионных активов, составила 11,27%, что на 5,97 процентных пунктов выше уровня накопленной инфляции за указанный период, составившей 5,3%.


Пенсионные выплаты

Выплаты пенсионных накоплений из ЕНПФ, включая переводы в страховые организации, за 2018 год составили 168 638 млн тенге (↓20% показателя 2017). Снижение сумм пенсионных выплат (по возрасту) в отчетном периоде обусловлено переходом на ежемесячные выплаты и с началом поэтапного увеличения пенсионного возраста женщин. Так, количество принятых заявлений на выплату за 2018 год составило 240,4 тыс. (↓17,9% показателя 2017):


Выплаты по видам назначения

Фактическое количество выплат за 2018 год превысило показатель 2017 года на 82%, составив 619,3 тыс. единиц. При этом количество получателей – 281,9 тыс. чел., что на 12% ниже показателя прошлого года. Средний размер ежемесячной выплаты получателям, вышедшим на пенсию с 01.01.2018 по графику, составил 20 177 тенге, минимальный – 15,3 тыс., максимальный – 502 375 тенге.

Также в сумму пенсионных выплат входят и переводы пенсионных накоплений в страховые организации по договорам пенсионного аннуитета, которые в 2018 году составили 26 081 млн тенге. Количество получателей в отчетном периоде составило 2 157 человек (↓7% меньше показателя 2017), что обусловлено повышением сумм пенсионных накоплений, достаточных для заключения договора пенсионного аннуитета. Средняя сумма перевода на одного получателя составила 12,1 млн тенге.



БЖЗҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ
ИТОГИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
ЕНПФ





4.1. Операциялық көрсеткіштер

БЖЗҚ төмендегілер арқылы халыққа қызмет көрсетеді:

1. тікелей қызмет көрсету жүйелері – Қор кеңселерінде қызмет көрсету, көшпелі қызмет көрсету (мобильді агент, мобильді кеңсе);
2. өзіне-өзі қызмет көрсету жүйелері – Қордың сайтындағы электрондық сервистер, egov, мобильді қосымша, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары және ақпарат беру дүңгіршіктері;
3. қашықтықтан кеңес беру жүйелері – қашықтықтан қызмет көрсету арналары (байланыс орталығы, Қордың сайтындағы Online-кеңесші сер-висі, мессенджерлердегі чат-боттар, әлеуметтік желілердегі парақшалар).


2018 жылы өткізілген операциялардың жалпы көлемі **20,9 млн** бірлікті құрады, оның ішінде:

4.1. Операционные показатели

ЕНПФ оказывает услуги населению посредством:

1. системы прямого обслуживания – обслуживание в офисах Фонда, выездное обслуживание (мобильный агент, мобильный офис);
2. системы самообслуживания – электронные сервисы на сайте Фонда, egov, мобильное приложение, терминалы самообслуживания и инфокиоски;
3. системы дистанционного консультирования – дистанционные каналы обслуживания (Call-центр, сервис Online-консультант на сайте Фонда, чат-боты в мессенджерах, страницы в социальных сетях).

Общий объем операций за 2018 год составил **20,9 млн**, из них:



Қашықтықтан кеңес беру жүйесі арқылы есепті кезеңде салымшылардың (алушылардың) 543,1 мың сауалы қабылданған. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен (405,8 мың сауал) 34%-ға жоғары.

Посредством системы дистанционного консультирования в отчетном периоде принято 543,1 тыс. обращений вкладчиков (получателей), что на 34% выше показателя прошлого года (405,8 тыс. обращений).

4.2. Тікелей қызмет көрсету жүйесі

Есепті кезеңде тікелей қызмет арқылы көрсетілетін операциялар санының 2017 жылмен салыстырғанда, 1,0 млн операцияға немесе 16%-ға жалпы төмендеуі байқалады, бұл ретте есепті кезеңде барып қызмет көрсету арқылы ұсынылған операциялар саны 18%-ды құраған.

4.2. Система прямого обслуживания

В отчетном периоде наблюдается общее снижение количества операций, оказываемых посредством прямого обслуживания, на 1,0 млн операций, или на 16% по сравнению с 2017 годом, при этом в отчетном периоде рост количества операций, оказанных через выездное обслуживание, составил 18%.



Операциялар санының төмендеуі жаңа редакциядағы шарттарды, МКЗЖ зейнетақы шарттарына қосылу туралы қабылданған өтініштер мен шоттардың болуы туралы анықтамаларды беруден басқа көрсетілетін барлық қызмет түрлері бойынша байқалады (↑2%).

Мәселен, операциялар санының ең көп төмендеуі пайыздық көрініс түрінде келесі операциялар бойынша бақыланады:

- 2016-2017 жылдары аралығында жүгінген әскери қызметкерлердің негізгі көлеміне байланысты әскери қызметкерлерге анықтамалар беру (↓33%);
- деректемелерді өзгертуге өтініштер қабылдау (↓26%);
- ақпарат беру тәсілдерін анықтау немесе өзгерту бойынша келісімдерді ресімдеу (↓21%);
- жеке зейнетақы шоттарынан үзінді көшірмелер беру (↓19%);
- электрондық қызметтерді дамыту себебінен жеке зейнетақы шоттарын ашуға өтініштер қабылдау (↓16%);
- әйелдердің зейнеткерлік жасының ұлғайтылуына және композиттік қызметтің енгізілуіне байланысты төлемдерге өтініш қабылдау (↓17%) (төлем ХҚҚО арқылы).

Есепті кезеңде Қор кеңселерінде қызмет көрсететін қызметкерлерге орташа жүктеме күніне 23 операцияны, барып қызмет көрсететін қызметкерлерге – күніне 18 операцияны құраған. 2017 жылы бұл көрсеткіш сәйкесінше 25 және 21 операцияны құраған.

Тікелей қызмет көрсетудің негізгі арнасы ретінде 18 филиалдың құрылымына кіретін кеңселер қызмет көрсетеді. Өңірлік өкілдіктердің қызметін тиімді ұйымдастыру мақсатында, 2018 жылы келушілер санының аздығына және қызметкерлер жүктемесінің төмендігіне байланысты операциялық бөлімдердің 6 бөлімшесі және Қордың 9 филиалында 10 қызмет көрсету орталығы жабылды. Сонымен қатар, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 16 филиалда 97 қызмет көрсету орталығы жабылып, дәл сол елдімекендерде қашықтықтан қызмет көрсетуге арналған 97 жұмыс орны ашылды.

БЖЗҚ-да тікелей қызмет көрсетудің тағы бір арнасы ретінде Қордың барып қызмет көрсетуін атауға болады. Ол мобильді кеңселер мен "мобильді агенттердің" жұмысында көрініс тапқан.

2018 ж. сәуір айында 3 мобильді кеңсе (Алматы, Атырау және Қостанай облыстық филиалдарында) қолданысқа енгізілді. Мобильді кеңселер алыстағы елдімекендерде тұратын салымшыларға (алушыларға) қызмет көрсетуге арналған техникалық жабдықталған автомобильдер түрінде қызмет атқарады.

Снижение количества операций наблюдается по всем видам оказываемых услуг, кроме выдачи договоров в новой редакции, справок о наличии счетов и принятых заявлений о присоединении к пенсионным договорам ОППВ (↑2%).

Так, наибольшее снижение количества операций в процентном выражении наблюдается по следующим операциям:

- выдача справок военнослужащим (↓33%) в связи с основным объемом обратившихся военнослужащих в период с 2016 по 2017 год;
- принятие заявлений на изменение реквизитов (↓26%);
- оформление соглашений по определению или изменению способа информирования (↓21%);
- выдача выписок с индивидуальных пенсионных счетов (↓19%);
- принятие заявлений на открытие индивидуальных пенсионных счетов (↓16%) по причине развития электронных услуг;
- принятие заявлений на выплату (↓17%) в связи с увеличением пенсионного возраста женщин и вводом композитной услуги (выплата через ЦОН).

В отчетном периоде средняя нагрузка на работников, оказывающих услуги в офисах Фонда, составила 23 операции в день, работников выездного обслуживания – 18 операций в день. В 2017 году данный показатель составил 25 и 21 операции, соответственно.

Основным каналом прямого обслуживания выступают офисы, входящие в структуру 18 филиалов. В целях эффективной организации деятельности региональных представительств в 2018 году вследствие низкой посещаемости и нагрузки на работников были закрыты 6 отделений операционных отделов и 10 центров обслуживания в 9 филиалах Фонда. Кроме того, с 1 января 2019 года закрыты 97 центров обслуживания в 16 филиалах с одновременным открытием в этих же населенных пунктах 97 удаленных рабочих мест.

Другим каналом прямого обслуживания в ЕНПФ является выездное обслуживание Фонда, которое представлено мобильными офисами и "мобильными агентами".

В апреле 2018 г. введены в эксплуатацию 3 мобильных офиса (в Алматинском, Атырауском и Костанайском областных филиалах). Мобильные офисы представляют собой технически оснащенные автомобили, которые предназначены для обслуживания вкладчиков (получателей), проживающих в удаленных (малых) населенных пунктах.



4.3. Өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі

БЖЗҚ-ның өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі әрбір адамның интернет пен мобильді байланыс арқылы өзіне ыңғайлы уақыт пен орында БЖЗҚ қызметкерінің көмегінсіз өз бетімен алатын зейнетақы қызметтерін қамтиды.

2018 жылы электрондық пішімде, аздаған бөлігін қоспағанда, зейнетақы қызметтерінің ЖЗШ ашудан бастап төлемге өтініш беруге дейінгі бүкіл желісі іске асырылды. Тікелей есепті кезеңде Қор келесі электрондық қызметтерді өзірлеп, нақтылады және іске қосты:

1. ЖЗШ-ның болуы туралы анықтаманы, ЖЗШ ашу туралы өтініштің немесе зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың телнұсқасын сайтта салымшының (алушының) жеке кабинетінде немесе өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы алу – енгізілген сәттен бастап (ақпан 2018) қызметті 11,6 мың салымшы пайдаланған;
- салымдар, дебиторлық берешек және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, сату немесе өзге де шығару нәтижесінде келтірілуі мүмкін мәмілелер бойынша қандай да болмасын шығынды шегерместен олардың әділ құны бойынша бағаланады.

Өзгерістері кезең ішінде пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді және әділ құн бойынша көрсетілген қаржы активінің аударымы тануды тоқтату критерийлеріне жауап бермегенде туындайтын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, барлық қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша бағаланады.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

**2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)**

Амортизацияланған құн

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің амортизацияланған құны тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, айқындалған бастапқы тану құны мен өтеу кезіндегі құн арасындағы айырманың жинақталған амортизациясының шамасына түзетілген берешектің негізі сомасының төлемдерін шегере отырып, сондай-ақ құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, қаржы активін немесе міндеттемесін бастапқы тану кезінде бағалаған құнды білдіреді. Сыйлықақылардың және дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындар сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және аталған құралдың тиімді сыйақы мөлшерлемесіне қарай амортизацияланады.

Әділ құн бойынша бағалаудың қағидаты

Әділ құн активті сатқан кезде алынуы немесе көрсетілген күні негізгі нарықта немесе ол болмаған жағдайда, Схема кіре алатын анағұрлым пайдалырақ нарықта бағалау күні нарық қатысушылары арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операциялар жағдайында міндеттемелерді берген кезде төленуі мүмкін бағаны білдіреді. Міндеттеменің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Бұдан былайғы бағалауда өзгерістері кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны Бағалау қағидасына сәйкес анықталады. Сонымен қатар Бағалау қағидасы амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнын анықтау үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасының резиденттері-ұйымдардың өтімділіктің бірінші топтағы жай және артықшылықты акцияларын бағалау сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі алдыңғы сауда күнін жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы резиденттері-ұйымдарының және бейрезиденттері-ұйымдарының Ғаламдық депозитарлық қолхаттарын (*бұдан әрі – “ФДҚ”*) бағалау Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйесінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнін жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында да, халықаралық (*шетелдік*) нарықтарда да айналыста болатын (*саудаланатын*), “әділ құны бойынша бағаланатындар” санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздарды бағалау Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнінің жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында апта сайын жүзеге асырылады.

Өтімді болып танылмайтын Қазақстан Республикасы резиденттері-ұйымдарының акцияларын (“ФДҚ”), Қазақстан Республикасының аумағында ғана айналыста болатын (*саудаланатын*), оның ішінде Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйесінде немесе Қазақстан қор биржасында баға белгілеу туралы ақпарат жоқ борыштық бағалы қағаздарды, құрылымдық ноттарды бағалауды “Қазақстан Республикасында бағалау қызметі туралы” Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес бағалаушы жылына кемінде екі рет жүргізеді.

Кейіннен бағалау кезінде туындайтын пайда және шығын

Әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жіктелетін қаржы құралы бойынша пайда немесе шығын пайда немесе шығын туралы есепте пайда немесе шығын арқылы көрсетіледі.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша пайда немесе шығын қаржы активін немесе міндеттемені тану немесе олардың құнсыздануы тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу барысында пайда немесе шығын есебінде көрсетіледі.

Тануды тоқтату

Схема қаржы активін тануды осы қаржы активі бойынша ақша қаражаты ағынына шартта көзделген құқықтан айырылған сәтте не ол қаржы активін осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер және пайдалар іс жүзінде басқа тарапқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген немесе Схема осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың айтарлықтай бөлігін өткізбеген және сол сияқты сақтамаған, бірақ қаржы активін бақылауды сақтамаған кезде тоқтатады. Тануды тоқтатуға арналған талаптар сақталатын, өткізілетін қаржы активтеріндегі Схема құрған немесе ол үшін сақталған кез келген қатысу үлесі таза зейнетақы активтері есебінде бөлек актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Схема қаржылық міндеттемелерді тануды ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күшін жойған немесе тоқтатылған кезде тоқтатады.

Схема әділ құн құнсыздану немесе баға кесу нәтижесінде бағалы қағаз құны нөлге тең деп таныған күннен бастап 180 күн өткен соң активтерді есептен шығарады.

Кері «РЕПО» мәмілесі бойынша дебиторлық берешек

Кері сату (*кері "репо" мәмілесі*) міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алған бағалы қағаздар “кері репо” мәмілелері бойынша дебиторлық берешек” бабында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасының арасындағы айырмашылық пайыздық табысты білдіреді және “кері репо” мәмілесі қолданылатын кезең үшін есептеледі.

Шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер

2018 жылғы 6 мамырдағы шартқа сәйкес ҚРҰБ басқа тарапқа (*“басқарушы”*) инвестициялық басқаруға берген зейнетақы активтерін есепке алу Схеманың есепке алу жүйесінде әр шетелдік басқарушы бойынша жалпы сомада Схеманың шетелдік кастодианының есептері негізінде әр қаржы құралының бөлігінде талданбай жүзеге асырылады.

Зейнетақы активтері құнының өзгеруі пайда және шығын туралы есепте шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша пайда/шығын ретінде көрсетіледі.

Шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы қаржылық активтерді қайта бағалау айына кемінде 1 (*бір*) рет жүзеге асырылады.

Туынды қаржы құралдары

Туынды құралдар “своп” мәмілелерін, форвад келісім шарттарын және фьючерс мәмілелерін, “спот” мәмілелерін және пайыздық мөлшерлемелерге опциондарды, шетелдік валютаны, бағалы металдар мен бағалы қағаздарды, сондай-ақ жоғарыда аталған құралдардың кез келген комбинациясын қамтиды.

Туынды құралдар бастапқыда мәміле жасалған күндегі әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен әділ құны бойынша қайта бағаланады. Барлық туынды құралдар әділ құны оң болса, активтер ретінде көрсетіледі, егер әділ құны теріс болса, міндеттеме ретінде көрсетіледі.

Туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі дереу пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

Изменения справедливой стоимости производных финансовых инструментов незамедлительно отражаются в составе прибыли или убытка.

Туынды қаржы құралдары басқа шарттық келісімге («негізгі шарт») кіргізілуі мүмкін. Кіргізілген туынды қаржы құралдары негізгі шарттан бөлінеді және егер кіргізілген туынды құралдың экономикалық сипаттамасы мен тәуекелдері негізгі шарттың экономикалық сипаттамасы мен тәуекелдеріне тығыз байланысты болмаса, егер жағдайы кіргізілген туынды құрал сияқты жеке құрал туынды құрал анықтамасына сәйкес болса және егер бұл аралас құрал өзгерісі кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін және пайда немесе шығын құрамында танылатын әділ құн бойынша бағаланбайтын болса ғана дербес туынды қаржы құралдары ретінде есепке алынады. Өзгерісі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтеріне немесе қаржы міндеттемелеріне кіргізілген туынды қаржы құралдары негізгі шарттан бөлінбейді.

Активтерді және міндеттемелерді өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелер өзара есепке алынады және егер танылған сомаларды есептеу үшін заңды негіздер болса және тараптар есептесуді нетто-негізде жасауға немесе бір уақытта активті іске асыруға және міндеттемені орындауға ниеттенсе, таза сома таза зейнетақы активтері туралы есепте көрсетіледі.

Құнсыздану

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті айғақтары міндеттемелерді орындамау (*дефолт*) немесе заемшы жол берген төлемдер мерзімін кешіктіруді, заемшының банкрот болуы немесе таратылуын қамтуы мүмкін.

Схеманың қаржы активтерінің құнсыздануына тестіні 2015 жылғы 13 шілдедегі Қор зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын бағалау бойынша ҚРҰБ Комитеті хаттамасымен бекітілген Зейнетақы активтерінің құнсыздану әдістемесіне (*бұдан әрі – “Әдістеме”*) сәйкес жүргізеді. Әдістемеге сай құнсыздануға тест мынадай негізгі белгілер негізінде жүргізіледі:

- кепілдіктердің немесе кепілдемелердің болуы;
- кепілдік қамтамасыз етудің болуы;
- эмитенттің өзінің қаржылық жағдайын жақсарту және (*немесе*) міндеттемелерді орындау үшін қолданатын шаралары: міндеттемелерді ішінара орындау, жарғылық капиталды қосымша капиталдандыру, халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтинг беруі/көтеруі, борыштық жүктемені қайта құрылымдау және оңтайландыру рәсімдерін бастау немесе басқа ерекше шаралар.

Схема әрбір есепті кезең соңында қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті айғақтарының болуын бағалайды. Мұндай айғақтар болған жағдайда, Схема құнсызданудан болған кез келген шығын көлемін бағалайды.

Бағалы қағаздардың түріне (*борыштық немесе үлестік*), құнсызданудың ерекше индикаторларына және жоғарыда аталған белгілердің біреуінің болуына қарай құнсыздану резерві 0-ден 100%-ға дейінгі мөлшерде танылады.

Барлық құнсыздану шығыны пайда және шығын туралы есепте танылады.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы) *(Қазақстандық мың теңгемен)*

Салық салу

Схемадан пайдаға салынатын салық алынбайды.

Кіріс пен шығысты тану

Пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, пайда және шығын туралы есепте танылады. Пайыздық кіріс 180 күннен астам бұрын дефолт жасаған эмитенттің бағалы қағаздары бойынша танылмайды.

Кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша есептелген дисконт пен сыйлықақы пайда құрамында пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалған операциялардан болған шығын шегеріле отырып танылады.

Дивидендтер нысанындағы кіріс дивидендтер жарияланған күнге пайда және шығын туралы есепте көрсетіледі.

Комиссиялық шығыстар

Комиссиялық шығыстар қызметтерді көрсету кезеңі ішінде есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Комиссиялық шығыстарды есептеу тәртібі 9-ескертпеде барынша нақты көрсетілген.

Салымшылардың жарналары, зейнетақы аударымдары және зейнетақы жинақтарының төлемдері

Зейнетақы жарналары Схеманың кастодиан шотына түскен кезде есепке алынады. Зейнетақы жинақтарының төлемдері және аударымдары салымшының талабы бойынша зейнетақы заңнамасына сәйкес Схемада зейнетақы жинақтарының төлемі немесе аударымы бойынша міндеттемесі туындаған кезінде көрсетіледі.

3. Елеулі жіберіп алулар мен бағалаудағы белгісіздік көздері

Схеманың есептік саясатын қолдану үдерісінде басшылық басқа негіздерде айқын болып табылмайтын активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты болжамдар, бағалаулар және жіберіп алулар жасауы қажет. Бағалау мөңдері мен олардың негізінде жатқан жіберіп алулар нақты жағдайларда орынды деп саналатын алған тәжірибе мен басқа факторларға байланысты құрылады. Нақты нәтижелер берілген бағалаулардан бөлек болуы мүмкін.

Бағалаулар мен олармен байланысты жіберіп алулар жүйелі түрде қайта қаралады. Бағалаудағы өзгерістер баға қайта қаралған кезеңде көрінеді, егер өзгеріс тек осы кезеңге ықпал етсе, не бағалау қайта қаралған кезеңге, және өзгеріс ағымдағы, сондай-ақ келешек кезеңдерге әсер ететін болашақ кезеңдерге әсер еткен болса.

Әділ құны бойынша бағалау және бағалау рәсімі

Схема активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігі әділ құны бойынша бағаланды. Активтерді немесе міндеттемелерді әділ құны бойынша бағалау кезінде Схема қолжетімді байқап жүрген нарықтық деректерді қолданады. 1-деңгейдің бастапқы деректері болмаған кезде Схема тәуелсіз бағалаушыларды жұмылдырады. Активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтау үшін қолданылатын бағалау әдістері мен бастапқы деректер туралы ақпарат 23-ескертпеде ашылды.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

4. Пайыздық кіріс

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кіріс:		
Амортизацияланған құн бойынша көрінетін қаржы активтері:		
- құнсызданбаған қаржы активтері	455,016,748	459,413,243
- құнсызданған қаржы активтері	825,208	204,969
Әділ құны бойынша қаржы активтері	88,535,088	53,156,582
Пайыздық кіріс жиыны	544,377,044	512,774,794
Амортизацияланған құн бойынша көрінетін қаржы активтері:		
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	409,253,141	415,817,272
Банктердегі салымдар	43,884,927	40,402,218
кері "РЕПО" мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	2,703,888	3,398,722
Амортизацияланған құн бойынша көрінетін қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс жиыны	455,841,956	459,618,212
Әділ құны бойынша қаржы активтері:		
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	88,535,088	53,156,582
Әділ құны бойынша қаржы активтерінің пайыздық кіріс жиыны	88,535,088	53,156,582
Пайыздық кіріс жиыны	544,377,044	512,774,794

5. Дивидендтік кіріс

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Акциялар:		
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ қарапайым акциялары	4,519,738	-
"ҚазТрансОйл" АҚ қарапайым акциялары	1,683,452	1,630,844
"KEGOC" АҚ қарапайым акциялары	1,161,586	736,749
"Қазақтелеком" АҚ қарапайым акциялары	585,800	148,514
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ депозитарлық қолхаттары	479,968	-
"Kcell" АҚ депозитарлық қолхаттары	454,943	464,150
«Ресей Жинақ банкі» ААҚ депозитарлық қолхаттары	396,006	185,305
"Атамекен-Агро" АҚ артықшылықты акциялары	193,353	710,000
"Kcell" АҚ қарапайым акциялары	132,601	132,601
"Цеснабанк" АҚ артықшылықты акциялары	96,868	404,118
Шетелдік эмитенттер	493,905	375,969
Қазақстан Республикасының басқа эмитентт	299,193	1,258,423
Дивиденд кірістің жиыны	10,497,413	6,046,673



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

6. Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда	34,642,005	49,247,180
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда	4,128,096	3,050,699
Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда жиыны	38,770,101	52,297,879

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда:	29,420,897	49,281,190
Әділ құнының өзгерісі, нетто	5,221,108	(34,010)
Сауда операциялары, нетто		
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда жиыны	34,642,005	49,247,180

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда:		
Сауда операциялары, нетто	4,128,096	3,050,699
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда жиыны	4,128,096	3,050,699

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда негізінен “Қазақстан халық Банкі” АҚ қарапайым акциялары және “Қазатомөнеркәсіп” Ұлттық атом компаниясы” АҚ депозитарлық қолхаттары бойынша 24,855,330 мың теңге мөлшерінде әділ құн өзгерістерінен түскен кіріске жатады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда негізінен “Қазақстан халық Банкі” АҚ қарапайым акциялары, “ҚазМұнайгаз Барлау Өңдеу” АҚ депозитарлық қолхаттары және “Kcell” АҚ депозитарлық қолхаттары бойынша 46,245,481 мың теңге мөлшерінде әділ құн өзгерістерінен түскен кіріске жатады.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

7. Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Бағамдық айырмашылық, нетто	388,816,508	24,781,838
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда жиыны	388,816,508	24,781,838

8. Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар

	Банктердегі салымдар (11-ескертпе)	Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері (14-ескертпе)	Басқа активтер (16-ескетпе)	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсан	-	-	2,570,909	2,570,909
Резервтер құру	2,347,287	12,986,574	3,366,073	18,699,934
Резервтерді қалпына келтіру	-	-	(217,690)	(217,690)
Аудару	(326,790)	-	326,790	-
Есептен шығару	(962,513)	(12,986,574)	(5,733,584)	(19,682,671)
2018 жылғы 31 желтоқсан	1,057,984	-	312,498	1,370,482

	Банктердегі салымдар (11-ескертпе)	Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері (14-ескертпе)	Басқа активтер (16-ескетпе)	Жиыны
2016 жылғы 31 желтоқсан	-	326,774	1,951,306	2,278,080
Резервтер құру	1,491,016	310,773	4,497,545	6,299,334
Резервтерді қалпына келтіру	(1,449,613)	(654,346)	(198,275)	(2,302,234)
Аудару	(41,403)	-	41,403	-
Бағамдық айырмалар өсері	-	16,799	1,072	17,871
Есептен шығару	-	-	(3,722,142)	(3,722,142)
2017 жылғы 31 желтоқсан	-	-	2,570,909	2,570,909

9. Комиссиялық шығыстар

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Инвестициялық кіріс бойынша комиссиялық шығыстар	45,427,644	28,128,788
Зейнетақы активтері бойынша комиссиялық шығыстар	14,649,036	18,650,546
Комиссиялық кіріс жиыны	60,076,680	46,779,334



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес Қор инвестициялық кіріс сомасынан 7.5 % аспайтын және зейнетақы активтерінің сомасынан 0.025 % мөлшерінде өз қызметі үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы.

2018 жылы Схема инвестициялық кіріс сомасынан 5.25% мөлшерінде (2017 жылы: 5.25%) Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен комиссиялық шығыстарды есептеді. Есеп ай сайын жасалады және есептеу үшін айға есептелген Схеманың зейнетақы активтерінен инвестициялық табыс пайдаланылады.

2018 жылы Схема жылына зейнетақы активтерінің сомасынан айына 0.015% мөлшерінде (2017 жылы: айына 0.0225%) комиссиялық шығыстарды есептеді. Есеп ай сайын жасалады және есептеу үшін есеп жүргізілетін және комиссиялық табыс есептелетін айдың алдыңғы айының бірінші күнінің басындағы жағдай бойынша Схеманың зейнетақы активтерінің құны пайдаланылады. Есепте Бағалау қағидасына сәйкес есептелген Схеманың зейнетақы активтерінен есептелген инвестициялық табыс есебінсіз зейнетақы активтерінің құны қолданылады.

Схеманың зейнетақы активтері сомасынан және 2018 жылға Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыстан комиссиялық шығыстың пайыздық мөлшерлемелері ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 2 қарашадағы № 199 қаулысына сәйкес белгіленген.

10. Ақша қаражаты және оның баламалары

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдық шоттар	133,804,275	30,390,232
Ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны	133,804,275	30,390,232



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

11. Банктердегі салымдар

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" РММ	154,070,583	-
Development Bank of Singapore Ltd.	103,821,555	-
CREDIT AGRICOLE CIB (HONGKONG BRANCH)	96,664,592	32,959,781
MIZUHO CORPORATE BANK, LTD. (THE LONDON BRANCH)	77,058,343	54,362,634
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	74,437,890	-
Natixis (Capital Market) Paris	61,769,456	-
"Ресей Жинақ банкі" ЕҰ АҚ	51,324,137	51,324,137
"Еуразиялық банк" АҚ	48,352,000	48,352,000
"Fortebank" АҚ	41,174,027	41,174,027
"АТФ Банк" АҚ	20,535,671	20,535,671
"Kaspi Bank" АҚ	20,301,918	20,301,918
"Tengri Bank" АҚ	5,078,950	7,774,933
"Нұрбанк" АҚ	4,946,335	11,658,816
ING BANK N.V.	3,841,148	24,981,371
"Альфа-Банк" ЕҰ АҚ	3,211,183	3,698,052
"Банк Bank RBK" АҚ	3,176,693	-
"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	2,206,133	6,946,087
"Банк ВТБ" (Қазақстан) АҚ ЕБ	1,690,774	3,752,247
"Qazaq Bank" АҚ	1,057,984	10,006,689
"Банк ЦентрКредит" АҚ	756,871	3,027,485
"Банк Kassa Nova" АҚ	461,528	1,947,731
BANK OF TOKYO-MITSUBISHI, LTD., (THE LONDON BRANCH)	-	95,241,858
"Қазкоммерцбанк" АҚ	-	83,281,629
BANK OF MONTREAL	-	44,886,359
SOCIETE GENERALE PARIS	-	24,981,371
"Астана банкі" АҚ	-	7,356,756
"Capital Bank Kazakhstan" АҚ	-	3,701,550
"Эксимбанк Қазақстан" АҚ	-	975,993
	775,937,771	603,229,095
Минус: құнсыздану резерві	(1,057,984)	-
Банктердегі салымдар жиыны	774,879,787	603,229,095

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі салымдардың құрамына 8,353,934 мың сомасына есептелген пайыздық кіріс кіреді (2017 жылғы 31 желтоқсан: 8,563,161 мың теңге).

2018 және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсызданудан резервтер өзгерісінің талдамасы төменде кестеде берілген:

	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басындағы қалдық	-	-
Резервтерді құру	2,347,287	1,491,016
Резервтерді қалпына келтіру	-	(1,449,613)
Есептен шығару	(962,513)	-
Басқа активтерге ауыстыру (16-ескертпе)	(326,790)	(41,403)
Жыл соңындағы қалдық	1,057,984	-



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

12. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері:		
Борыштық бағалы қағаздар	4,084,487,084	1,399,469,224
Үлестік бағалы қағаздар	244,828,394	207,822,702
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің жиыны	4,329,315,478	1,607,291,926

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Борыштық бағалы қағаздар		
Мемлекеттік облигациялар		
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	2,853,343,812	-
АҚШ қазынашылық векселдері	580,119,986	627,833,797
ҚРҰБ ноттары	478,278,846	591,664,797
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі	83,917,607	75,300,718
Ресей Федерациясының Қаржы министрлігі	17,818,604	21,069,363
Мемлекеттік облигациялар жиыны	4,013,478,855	1,315,868,675
Корпоративтік облигациялар		
“Forte Bank” АҚ	19,460,035	19,619,048
Merrill Lynch	19,400,579	18,580,943
“Досжан Темір Жолы” АҚ	13,013,696	18,583,795
“ҚазЭкспортАстық” АҚ	8,402,366	5,981,182
Bank of America, N.A.	3,728,691	4,555,433
Commerzbank AG	2,354,955	2,298,543
Societe Generale	2,191,661	1,665,078
“Банк ЦентрКредит” АҚ	1,406,021	1,124,291
“Абди” АҚ	841,155	2,545,959
“Экотон» АҚ	151,650	149,036
“Қазақстан Халық Банкі” АҚ	57,420	-
Goldman Sachs International	-	6,289,274
JP Morgan	-	1,251,585
“Атамекен-Агро” АҚ	-	547,275
Citigroup Inc	-	358,857
“Қазкоммерцбанк” АҚ	-	50,250
Корпоративтік облигациялар жиыны	71,008,229	83,600,549
Борыштық бағалы қағаздар жиыны	4,084,487,084	1,399,469,224



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Үлестік бағалы қағаздар		
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ қарапайым акциялары	70,376,545	59,100,407
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ депозитарлық қолхаттары	68,818,166	-
"Kcell" АҚ депозитарлық қолхаттары	18,882,643	14,735,302
"KEGOC" АҚ қарапайым акциялары	15,178,782	13,047,091
"ҚазТрансойл" АҚ қарапайым акциялары	14,087,230	14,077,761
"Қазақтелеком" АҚ қарапайым акциялары	12,591,111	7,451,969
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ депозитарлық қолхаттары	7,609,258	6,351,580
"Ресей жинақ банкі" АҚ депозитарлық қолхаттары	7,321,164	9,724,875
KCELL JSC қарапайым акциялары	5,814,787	3,883,302
"Цеснабанк" АҚ қарапайым акциялары	4,482,700	5,885,230
"Газөнеркәсіп" АҚ депозитарлық қолхаттары	3,291,809	2,908,680
"Баян Сұлу" АҚ қарапайым акциялары	2,400,536	2,496,600
Rio Tinto PLC қарапайым акциялары	2,140,548	1,939,548
KAZ MINERALS PLC қарапайым акциялары	2,127,080	2,989,781
"Банк ЦентрКредит" АҚ қарапайым акциялары	1,221,747	1,002,767
"ForteBank" АҚ қарапайым акциялары	1,209,249	1,209,249
"ВТБ Банк" АҚ депозитарлық қолхаттары	1,087,430	1,455,700
ORANGE депозитарлық қолхаттары	983,477	934,375
"Норильский никель" Тау металлургиялық комбинат" ААҚ депозитарлық қолхаттары	843,197	720,393
"NEWMONT MINING CORP" депозитарлық қолхаттары	798,698	760,717
Мstoran Corper қарапайым акциялары	695,018	1,082,731
"Нұрбанк" АҚ артықшылықты акциялары	668,297	618,364
"KazTransCom" АҚ қарапайым акциялары	372,206	379,970
BARRICK GOLD CORP қарапайым акциялары	343,193	325,927
CHINA MOBILE LTD-SPON депозитарлық қолхаттары	306,297	277,784
"Ақтөбе мұнай жабдығы зауыты" АҚ қарапайым акциялары	250,778	96,148
"Қазақтелеком" АҚ артықшылықты акциялары	239,587	151,359
CATERPILLAR INTL FIN LTD қарапайым акциялары	230,655	258,802
"POSCO" депозитарлық қолхаттары	204,087	261,112
"АТФ Банк" АҚ қарапайым акциялары	129,851	96,409
"Нұрбанк" АҚ қарапайым акциялары	69,994	57,882
VALE DE RIO DOCE SA депозитарлық қолхаттары	52,253	42,208
"Қазақтелеком" АҚ депозитарлық қолхаттары	21	11
"Қазмұнайгаз БӨ" АҚ депозитарлық қолхаттары	-	47,428,632
"Қазмұнайгаз БӨ" АҚ қарапайым акциялары	-	3,275,512
"Цеснабанк" АҚ артықшылықты акциялары	-	1,266,911
"МРЭК" АҚ қарапайым акциялары	-	559,332
"Эксимбанк Қазақстан» АҚ қарапайым акциялары	-	429,218
"Эксимбанк Қазақстан» АҚ артықшылықты акциялары	-	280,947
"Қазкоммерцбанк" АҚ артықшылықты акциялары	-	189,045
"Қазмұнайгаз БӨ" АҚ артықшылықты акциялары	-	69,046
"Банк ЦентрКредит" АҚ артықшылықты акциялары	-	25
Үлестік бағалы қағаздар жиыны	244,828,394	207,822,702
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің жиыны	4,329,315,478	1,607,291,926

“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің құрамына 100,580,983 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2017 жылғы 31 желтоқсан: 2,920,213 мың теңге).

Қайта жіктеу

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде жалпы баланстық құны 2,858,263,196 мың теңге бағалы қағаздар “амортизацияланған құн бойынша” санатынан “әділ құн бойынша” санатына қайта жіктелді (2-ескертпе). Жалпы сомасы 22,736,852 мың теңге қайта жіктеуден таза шығын 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайда және шығын туралы есепте қаржы активтері бойынша таза пайдада ескерілді.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде бағалы қағаздарды “амортизацияланған құн бойынша” санатынан “әділ құн бойынша” санатына және/немесе керісінше қайта жіктеу жүргізілген жоқ.

Қайта бағалау

2018 жыл ішінде Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы “Қазақстан Республикасында бағалау қызметі туралы” заңына сәйкес Схеманың өтімсіз зейнетақы активтерін тәуелсіз бағалаушылар 2018 жылғы 1 сәуірдегі және 1 қарашадағы жағдай бойынша (2017: 2017 жылғы 1 ақпандағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша) бағалады.

13. Кері “РЕПО” мәмілелері бойынша дебиторлық берешек

	2018 жылғы 31 желтоқсан Теңгерімдік құны	2018 жылғы 31 желтоқсан Әділ құн	2017 жылғы 31 желтоқсан Теңгерімдік құны	2017 жылғы 31 желтоқсан Әділ құн
ҚРҰБ ноттары	-	-	10,023,092	10,318,143
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	-	-	1,000,507	1,045,570
Кері “РЕПО” мәмілелері бойынша дебиторлық берешек жиыны	-	-	11,023,599	11,363,713

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кері “РЕПО” мәмілелері бойынша дебиторлық берешек құрамына нөл теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2017 жылғы 31 желтоқсан: 5,599 мың теңге).

14. Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері		
Корпоративтік облигациялар	2,982,411,367	2,283,170,118
Мемлекеттік облигациялар	1,236,421,124	3,220,607,269
Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің жиыны	4,218,832,491	5,503,777,387



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративные облигации:		
"ҚазАгро" Ұлттық басқарушы холдинг" АҚ	642,020,578	185,976,465
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	567,716,810	279,971,563
"Қазақстан Даму банкі" АҚ	221,951,679	243,711,482
"Kaspi Bank" АҚ	192,805,825	188,484,785
"АТФ Банк" АҚ	119,261,636	118,797,358
Еуропалық Қайта құру және Даму банкі	103,673,828	103,754,418
"ҚТЖ" АҚ	88,428,019	86,297,815
"АстанаГаз КМГ" АҚ	82,387,222	-
"Банк ЦентрКредит" АҚ	71,593,080	51,362,482
"КЕГОС" АҚ	68,930,221	69,236,627
"ҚазМұнайГаз" АҚ	67,407,678	116,552,717
Еуразиялық Даму банкі	67,283,818	68,798,874
"Цеснабанк" АҚ	60,076,948	75,591,452
"Самұрық-Қазына" АҚ	59,627,417	59,016,053
"ForteBank" АҚ	52,108,953	52,108,875
"Bank RBK" АҚ	46,447,063	46,330,083
"Еуразиялық банк" АҚ	42,054,196	21,189,173
"Бейтерек" Ұлттық басқарушы холдинг" АҚ	38,880,756	-
"Ресей жинақ банкі" АҚ ЕҰ	38,555,659	36,821,827
Sinopec Group Overseas Development	33,198,875	-
"Газпром" ААҚ	31,702,063	27,231,130
Subsidiary of State Grid Corporation of China	30,843,232	-
"Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ (ҚРҰБ)	25,052,848	-
PERUSAHAAN LISTRIK NEGAR	23,490,976	-
"Нұрбанк" АҚ	21,698,957	11,506,982
"Ресей жинақ банкі" ААҚ	20,133,278	17,682,968
"Хоум Кредит Банк" АҚ	17,829,659	5,184,338
"AsiaCredit Bank" АҚ	13,708,652	13,115,073
"Батыс транзит" АҚ	10,932,270	10,203,559
EXPORT-IMPORT BK INDIA	10,377,752	-
EXPORT-IMPORT BANK CHINA	9,798,222	-
AVI FUNDING CO LTD	9,545,717	-
EMPRESA NACIONAL DEL PET	9,467,572	-
THREE GORGES FIN I KY	9,089,206	-
INDIAN RAILWAY FINANCE	8,660,795	-
PERTAMINA PERSERO PT	7,816,928	-
BANCO NACIONAL COM EXT	7,337,234	-
PELABUHAN INDONESIA III	6,863,945	-
"Роснефть" ААҚ	6,213,218	5,277,847
"СолҚазЭнерго" АҚ	6,086,429	6,338,439
"Қазақстан ипотекалық компаниясы" АҚ	5,218,294	17,174,440
CODELCO INC	4,806,167	-
Merrill Lynch	4,594,318	-
Three Gorges Finance I (Cayman Islands) Ltd.	3,022,822	-
Morgan Stanley	2,890,265	2,944,492
"UNICREDITBA AG" ААҚ	2,781,409	2,628,382
"Кселл" АҚ	2,630,972	-



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

Barclays Bank PLC	2,056,535	1,801,985
GOLDMAN SACHS	1,294,743	-
Southern Copper	560,643	484,607
Rongshi International Finance Ltd.	552,919	-
Citigroup Inc	382,834	-
Astrazeneca PLC	373,222	322,515
IBM CORP	187,010	160,276
“Қазкоммерцбанк” АҚ	-	309,167,974
“Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы” АҚ корпорация”	-	13,714,706
“Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ	-	13,199,017
“Эксимбанк Қазақстан” АҚ	-	13,112,769
ОАО “РОССЕЛЬХОЗБАНК” ААҚ	-	3,202,440
АО “Альфа-Банк” АҚ Еншілес банкі	-	2,955,243
АКБАНК	-	1,007,162
“AMF Group” АҚ	-	751,725
Корпоративтік облигациялар жиыны	2,982,411,367	2,283,170,118

2018 жылғы 31 желтоқсан **2017 жылғы 31 желтоқсан**

Мемлекеттік облигациялар

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	726,361,887	2,995,970,021
Ресей Федерациясының Үкіметі	227,085,385	175,474,690
Құрама Штаттар Үкіметі	89,384,775	-
Индонезия Республикасының Үкіметі	58,478,654	-
Бразилия Үкіметі	38,313,548	33,186,771
Перу Республикасының Үкіметі	34,223,921	-
Филиппины Республикасының Үкіметі	23,227,077	-
Чили Республикасының Үкіметі	20,142,766	-
Польша Республикасының Үкіметі	19,203,111	-
Түрік Республикасының Үкіметі	-	15,975,787

Мемлекеттік облигациялар жиыны **1,236,421,124** **3,220,607,269**

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің жиыны

4,218,832,491 **5,503,777,387**

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржы активтерінің құрамына 78,972,441 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2017 жылғы 31 желтоқсан: 158,468,561 мың теңге).

2018 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға құнсызданудан резервтер өзгеруін талдау төмендегі кестеде көрсетілген:

2018 жыл **2017 жыл**

Жыл басындағы қалдық

Резервтерді құру	-	326,774
Резервтерді қалпына келтіру	12,986,574	310,773
Бағамдық айырмашылық өсері	-	(654,346)
Есептен шығару	-	16,799
Есептен шығару	(12,986,574)	-

Жыл соңындағы қалдық

- **-**

2018 жылғы 31 желтоқсанда Схема жалпы сомасы 12,986,574 мың теңге “Эксимбанк Қазақстан” АҚ корпоративтік облигацияларын құралған резервтер есебінен тануды тоқтатты.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

15. Шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер

2018 жыл ішінде ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі №173 қаулысымен бекітілген «БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарды таңдау қағидасы, сонымен қатар оларға БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқаруға қажет іс-әрекет жасауды тапсыру кезінде қойылатын талаптарға» сәйкес ҚРҰБ схема атынан 2018 жылғы 6 мамырда Aviva Investors Global Services Limited шетелдік ұйымымен 70,521,000 мың теңге сомасына инвестициялық басқару туралы келісім жасады.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтердің баланстық құны – 82,797,250 мың теңге. 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл үшін шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша таза пайда – 12,276,250 мың теңге.

16. Басқа активтер

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы құралдары бойынша негізгі борыш және есептелген сыйақы – құнсызданбаған	15,221,313	21,931,019
Қаржы құралдары бойынша мерзімі өткен негізгі борыш сомасы және сыйақы - құнсызданған	321,731	9,259,815
Басқа активтер	15,543,044	31,190,834
Минус: Құнсыздану резерві	(312,498)	(2,570,909)
Басқа активтер жиыны	15,230,546	28,619,925

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа активтердің құрамына 321,731 мың теңге сомасында есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2017 жылғы 31 желтоқсан: 4,275,569 мың теңге).

2018 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсызданбаған қаржы құралдары бойынша негізгі борыш пен есептелген сыйақыға бағалы қағаздар шығару проспектісіне сай өтеу мерзіміне қарағанда купондық сыйақы төлеу мерзімі ерте келетін қаржы құралдары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек кіреді.

Осы қаржылық есептілік шығарылған күнде жалпы сомасы 15,101,603 мың теңге басқа активтер бойынша берешек өтелді.

2018 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін құнсыздану резервінің өзгеруін талдау төмендегі кестеде берілген:

	2018 жыл	2017 жыл
Жыл басындағы қалдық	2,570,909	1,951,306
Резервтерді құру	3,366,073	4,497,545
Резервтерді қалпына келтіру	(217,690)	(198,275)
Есептен шығару	(5,733,584)	(3,722,142)
Бағамдық айырмашылық әсері	-	1,072
Банктердегі салымдардан көшіру (11-ескертпе)	326,790	41,403
Жыл соңындағы қалдық	312,498	2,570,909



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

17. Жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелер

	31 желтоқсан 2018 жыл	31 желтоқсан 2017 жыл
ҚРҰБ	169,713,946	-
Жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелер жиыны	169,713,946	-

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелер құрамына мәміле күні сатып алатын актив үшін ақша нақты аударылған күннен ерекшеленетін сатып алған бағалы қағаздар бойынша ҚРҰБ алдындағы міндеттемелер енгізілді. Мәміле күндері – 2018 жылғы 28 және 29 желтоқсан, ал ақша аударылған күн – 2019 жылғы 3 және 4 қаңтар. Жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің жалпы сомасы осы қаржылық есептілік шығарылған күні өтелді.

18. Салымшылардың жарналары

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан
Міндетті зейнетақы жарналары	807,367,076	718,748,417
Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары	39,509,525	35,216,190
Зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау үшін өсімпұл	1,147,567	1,534,149
Ерікті зейнетақы жарналары	258,817	424,939
Басқа түсімдер	156,722	111,581
Салымшылардың жарналарының жиыны	848,439,707	756,035,276

19. Зейнетақы жинақтарының төлемі

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Жасына қарай	75,038,173	125,328,102
Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары кетуге байланысты	32,382,471	24,091,240
Мұрагерлерге	20,560,956	17,149,398
Жерлеуге арналған	2,436,767	2,917,039
Мүгедектігі бойынша	1,943,495	3,672,806
Еңбек сіңірген жылдары үшін	43,561	73,640
Сот шешімі бойынша	22,269	1,108
Зейнетақы жинақтары төлемдерінің жиыны	132,427,692	173,233,333
Сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтарын аудару	26,081,293	26,058,089
Зейнетақы жинақтары төлемі көзіне салынатын салық	10,129,500	11,826,448
Зейнетақы жинақтары төлемдерінің жиыны	168,638,485	211,117,870

20. Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару Схеманың операциялық қызметінің маңызды бөлшегі болып табылады және қызметтің негізінде болады. Баға тәуекелін, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелін және валюталық тәуекел, сонымен қатар кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелін қамтитын нарықтық тәуекел Схеманың қызметін жүзеге асыру барысында кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

**2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)**

Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты және рәсімдер

Схеманың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Схеманың ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдердің лимиттерін және тиісті бақылауды белгілеуге бағытталған. Схеманың тәуекелдерін басқару жүйесі Инвестициялық декларация қоятын талаптарға сәйкес келеді. 2013 жылғы 26 тамыздағы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу шартының 4.1.8-тармағына сәйкес Сенімгерлік басқарушы инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару жүйесі Схеманың қалыпты қызметінің бұзылуына өкелуі мүмкін оқиғалардың уақтылы анықталуы, бағалануы және алдын алуға бағытталған бақылау жүйесін белгілейтін кешенді жолды пайдаланады. Қор түрлі құралдарды қолдана отырып, инвестициялық тәуекелдерді бағалау әдістерін кең пайдаланатын және талданатын басқарушылық есептілікте зейнетақы активтері портфелдеріне пост-мониторинг жүргізеді. Есептілікті жағдайы және Қордың зейнетақы активтері мен меншікті активтері портфелінің қаржы тәуекелдеріне бейімділігі бойынша қарастыру ай сайын жүзеге асырылады.

Қордың Директорлар кеңесі Схеманың ішкі саясаты мен рәсімдерін бекітеді және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиісті жұмыс істеуі үшін жалпы жауапкершілікті өзіне алады. Басқарма қаржылық емес тәуекелдерді барынша азайту бойынша ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді, оның аясында операциялық тәуекелдерді өз өзін бағалау бойынша құралдар, негізгі тәуекел индикаторларына мониторинг жүргізу әдістері пайдаланылады, олар озық көрсеткіштер болып табылады және операциялық тәуекелдердің әлеуетті көздерін, ішкі бақылау жүйесін басқару әдістері, ішкі бақылау субъектілерінің өкілеттігін бөлу, жауапкершілігін анықтауды, кейіннен үдерістің әрбір кезеңіндегі операцияларды бақылауды және жауапты тұлғалардың/басшылардың келісуінің міндетті рәсімдерінің иерархиясын/бірізділігін сақтауды және Қордағы ішкі бақылау жүйесіне үнемі мониторинг жүргізуді білдіретін ішкі бақылау жүйесін басқару әдістерін көрсетеді. Қор әрбір бөлімшенің құрамында жауапты тұлғалардың тағайындайды, олардың міндетіне бизнес үдерістерінің матрицасын әзірлеу мен үздіксіз жаңғырту, осы бизнес үдерістерге тән әлеуетті және анықталған тәуекелдерді бағалау кіреді.

Жоғарыда аталған құралдарды пайдалану нәтижесі бойынша операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің аясында Тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді және бекітіледі, ол тәуекелдердің іске асырылу себептерін жоюға, тәуекел оқиғалары мен әлеуетті тәуекелдер іске асырылған жағдайдағы салдарды барынша азайтуға бағытталған.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл Схеманың таза зейнетақы активтерінің өзгеру тәуекелі немесе оның бағалы қағаздар портфелінің құны валюта бағамдарын, сыйақы мөлшерлемесі мен акциялар бағасын қосқандағы нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан өзгереді. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және өзіне тән өзгерістердің және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейі өзгерістерінің ықпалына ұшыраған пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Пайыздық міндеттемелерге пайыздық активтердің мерзімдері бойынша сәйкессіздік шамасының мониторинг арқылы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін басқару сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі стандартты және стандартты емес сценарийлеріне таза зейнетақы активтеріндегі әр түрлі өзгерістеріне Схеманың таза пайыздық кірісінің сезімталдығы мониторингі рәсімімен толықтырылады.



“БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Зейнетақы Схемасының активтері

**2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертпелер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)**

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі — сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан Схеманың таза зейнетақы активтерінің немесе оның қаржы құралдары портфельдерінің құнының өзгеру тәуекелі.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру сезімталдығын талдау

2018 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін пайда немесе шығын арқылы кірістіліктің әділ құны бойынша қаржы активтері бойынша қисық кірістіліктің 100 базистік пунктке және позицияға бірдей төмендеуінің немесе өсуінің оңайлатылған сценарийі негізінде құралған сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруіне Схеманың таза зейнетақы активтеріндегі бір жыл ішіндегі болжамды өзгерістердің сезімталдық талдауы былай көрінуі мүмкін:

Пайда және шығынға әсері:

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
